

- ## 2. Әлеуметтік көмек облыс аумағынан тыс жерлерде емделуге байланысты

Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, босқын статусына ие адамдарға, шетелдіктерге, Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар және тұрақты тұратын азаматтығы жоқ, денсаулық сақтау мемлекеттік басқарудың жергілікті органының Қазақстан Республикасының клиникаларында, ғылыми-зерттеу институттарында және республиканың басқа да емдеу-алдын алу ұйымдарында зерттелуге немесе емделуге жолдама алған адамдарға беріледі.

Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек белгілеу шарттары мен тәртібі

3. Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті жанынан құрылған комиссиямен белгіленеді.

4. Комиссия еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті бастығының бұйрығымен құрылады.

5. Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек белгілеу үшін еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментіне мына құжаттар ұсынылады:

1) қоса берілген үлгідегі өтініш;

2) Денсаулық сақтау мемлекеттік басқарудың жергілікті органының Қазақстан Республикасының клиникасында немесе ғылыми-зерттеу институтында зерттелуге немесе емделуге берген жолдамасы;

3) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі және егер емделуге 16 жасқа дейінгі бала жіберілетін болса, туу туралы куәліктің көшірмесі; сондай-ақ оралман, босқын статусын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе тұруға ы қ т и я р х а т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

4) қажет болса аурудың денсаулық жағдайына байланысты көлік түрін көрсетіп, ауруды емделуге ере жүру қажеттілігі туралы емдеу мекемесінің дәрігерлік-консультативтік комиссиясының қорытындысы.

6. Комиссия қажетті құжаттар түскен күннен 5 күндік мерзімде әлеуметтік к ө м е к б е л г і л е й д і .

Комиссия әлеуметтік көмек белгілеуден бас тартқан жағдайда бас тартудың себебін жазбаша түсіндіреді және арызданушыға құжаттарды қайтарады.

Әлеуметтік көмек белгілеуден бас тартуға негіздеме алдын-ала жалған немесе жеткіліксіз мәліметтер мен құжаттар ұсыну болып табылады.

7. Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек аурудың және қажет болған жағдайда емделетін жерге дейін және кейін ере жүретін адамның темір жол көлігінің платцкарт вагонына немесе қала аралық рейс автобусына жолақы құны мөлшерінде тағайындалады.

Емдеу мекемесінің дәрігерлік-консультативтік комиссиямен белгіленген өмір үшін маңызы бар көрсеткіштер бойынша аурудың купе вагонында немесе авиа көлікте жол жүру ақысының құны мөлшерінде көмек көрсетуге рұқсат етіледі.

8. Емделуге жолақы құны жолаушылар тасымалдауды іске асыратын ұйымдардың анықтамасы немесе ұсынылған жолақы билеттері негізінде анықталады.

9. 16 жасқа дейінгі ауру баланы облыс аумағынан тыс емделуге жіберген жағдайда жолақыға әлеуметтік көмек ата-аналарының біреуіне немесе олар орнын басқан тұлғаға емдеу органының дәрігерлік-консультативтік комиссиясының ере жүру қажеттілігі туралы қорытындысын ұсынбай-ақ аурудың және ере жүретін тұлғаның жолақы құны мөлшерінде белгіленеді. Емдеу мекемесі дәрігерлік-консультативтік комиссиясының қорытындысы купе вагонында немесе авиа көлікте жүруге қажет болған жағдайда ұсынылады.

Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

10. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек алушылар тізімін қалыптастырады және банкілік операциялардың жеке (кейбір) түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банкке тізім-ведомосін ұсынады.

11. Белгіленген заңнама тәртібінде ақылы қызмет көрсетуге келісім жасаған банк еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті ұсынған тізім-ведомость негізінде алушылар ашқан жеке шотқа соманы аударады.

Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмекті қаржыландыру

12. Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмекті қаржыландыру облыстық бюджет қаржыларынан 6.2.258.015 "Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдер" шығындарды бюджеттік жіктеу коды бойынша осы мақсатқа бөлінген қаржы шегінде жүргізіледі.

Облыс аумағынан тыс емделуге байланысты азаматтарға жолақыға әлеуметтік көмек беру ережелеріне қосымша

Солтүстік	Қазақстан	облысы	әкімінің
еңбек,	жұмыспен	қамту	және

х а л ы қ т ы
департаменті бастығына

ә л е у м е т т і к

қ о р ғ а у

**Облыстан тыс жерлерде емделуге байланысты
жолақылық әлеуметтік көмек беру туралы
ӨТІНІШ**

ТЕГІ _____

АТЫ _____

ӘКЕСІНІҢ АТЫ _____

МЕКЕН-ЖАЙЫ _____

ТЕЛЕФОНЫ _____

ТӨЛ ҚҰЖАТЫ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ КУӘЛІГІ

номері _____ (қашан, кіммен) _____

_____ берілген

ТУУЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

номері _____ (қашан, кіммен) _____

_____ берілген

СТТН _____

_____ БАНК ФИЛИАЛЫНДАҒЫ

ЖЕКЕ ШОТТЫҢ НОМЕРІ _____

_____ қаласында емделуіме байланысты маған жолақылық
әлеуметтік көмек беруіңізді сұраймын.

Бөлінген қаржыны белгіленген мақсат бойынша пайдалауға қатаң түрде
міндеттенемін.

ӨТІНІШ БЕРУ КҮНІ

АРЫЗДАНУШЫНЫҢ ҚОЛЫ
